

Пайғамбарлар қиссаларына кіріспе

مدخل إلى قصص الأنبياء

<Қазақ тілі – Kazakh – كازاخى>



Қазақ тілі командасы орналасуы Dar әл-Ислам

فريق اللغة الكازاخية بموقع دار الإسلام



Адамдардың пайғамбарларға мұқтаждығы

Пайғамбарлардың келуі пенделерге өте қажет, тіпті барша қажеттіліктерден жоғары тұрады. Пайғамбарлық – дүниенің рухы, нұры және тыныс-тіршілігі. Рухсыз, нұрсыз және тыныс-тіршіліксіз дүние қалай түзелмек? Пайғамбарлық күн шықпаса, дүние қараңғы түнекте қалады. Пайғамбарларсыз дүние мен Ақырет бақытына жету, жақсы мен жаманды ажырату мүмкін емес. Рух болмаса өмірдің маңызы кетеді. Сондықтан Аллаһ Тағала Құранда пайғамбарлықты «рух» деп атаған:

«(Мұхаммед) саған осылайша әмірімізден бір «рух» уахи еттік. Сен Кітап не, Иман не екенін білмейтін едің. Бірақ Құранды нұр қылып, онымен құлдарымыздан кімді қаласақ, тура жолға саламыз», Шура сүресі, 52 аят.

Пайғамбарларға сену иман тіректерінің бірі. Аллаһ Тағала:

«Пайғамбар өзіне Раббысы тарапынан түсірілгенге иман келтірді. Мүміндер де барлығы: Аллаһқа, періштелерге, кітаптарға және пайғамбарларға иман келтірді», - дейді. Бақара сүресі, 285 аят.

Бұл аят барша пайғамбарларға сену керектігінің дәлелі. Яһудилер мен христиандар сияқты кейбіріне сеніп, кейбірін өтірікке шығаруға болмайды.

Пайғамбарларға иман келтірудің мән-мағынасы

Ешқандай серігі жоқ жалғыз Аллаһ Тағалаға құлшылық етуге шақыру үшін әр үмбетке пайғамбарлар жіберілгендігіне және олардың барлығының да ізгі, шыншыл, тақуа да аманатшыл екендігіне, сондай-ақ олардың өздеріне жүктелген пайғамбарлықты елдеріне ешнәрсені жасырып қалмай, өзгертпей, артық нәрсе қоспай жеткізгендігіне иман келтіру қажет. Аллаһ Тағала:

«Сондай-ақ пайғамбарға ашық түрде жеткізу ғана міндет» - деген. Нур сүресі, 54 аят; Анкабут сүресі, 18 аят.

Сондықтан барша пайғамбарлар ақиқатқа үндеген. Олардың барлығының дағуаты бір – таухид болған. Бұл жайында Аллаһ Тағала Өзінің ұлы кітабында: **«Расында әр үмбетке: «Аллаһқа құлшылық қылындар, бұзықтардан аулақ болындар» - дейтін елші жібердік»** - дейді (*Нахл сүресі, 36 аят*).

Тек шариғаттары кейбір айырмашылықтарға ие еді. Аллаһ Тағала: **«Сендердің әрбірің үшін бір жол-жоба қойдық»** - деп айтқан (*Мәйдә сүресі, 48 аят*).

Пайғамбарларға иман келтіру төрт негізден тұрады

Бірінші: Олардың пайғамбарлығы шын мәнінде Аллаһ Тағала тарапынан екендігіне иман келтіру қажет. Пайғамбарлардың кейбіріне сеніп, кейбіріне сенбеуге болмайды. Кім олардың біреуіне иман келтірмесе, барша пайғамбарларға күпірлік танытқанмен барабар. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

«Нұхтың елі де пайғамбарларды жалғанға шығарды», - деп айтқан (*Шугара сүресі, 105 аят*).

Нұх (оған Аллаһтың сәлемі болсын) өз еліне жіберілген жалғыз пайғамбар еді. Аятта оған иман келтірмегендер барша пайғамбарларды өтірікке шығарғанға саналған.

Екінші: Олардан есімдерін білетінімізге де, білмейтінімізге де иман келтіру қажет. Аллаһ Тағала Құранда олардың жиырма бесінің есімін атаған. Олар: Адам, Идрис, Нұх, Һуд, Салих, Ибраһим, Исмаил, Исхақ, Лут, Шуьайб, Яъқуб, Юсуф, Айюб, Зуль-Кифл, Юнус, Мұса, Һарун, Илияс, Әлясаъ, Дәуіт, Сүлеймен, Зәкәрия, Яхия, Иса және Мұхаммед, оларға Аллаһтың сәлемі мен амандығы болғай.

Сондай-ақ, олардан басқа есімдері аталмаған, бірақ Құранда киссалары баян етілген пайғамбарлар да бар. Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінде де кейбір пайғамбарлардың есімдері кездеседі. Солардың барлығына иман келтіруге тиіспіз. Аллаһ Тағала Өзінің Елшісі Мұхаммедке (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Сондай-ақ саған бұрыңғы пайғамбарларды баян етеміз, сондай-ақ пайғамбарлардан саған**

баян етпегеніміз де бар», деген *(Нуса сүресі, 164 аят)*. Пайғамбарлардың ішінде бесеуі ерекше орынға ие. Олар: Нұх, Ибраһим, Мұса, Иса және Мұхаммед, оларға Аллаһтың сәлемі мен салауаты болғай. Бұл бестік туралы Аллаһ Тағала Құранда екі орында айтқан:

«(Мұхаммед) сол уақытта, пайғамбарлардан уәде алған едік. Сенен, Нұх, Ибраһим, Мұса және Марьям ұлы Исалардан, солардан берік уәде алғанбыз» *(Ахзаб сүресі, 7 аят)*;

«Аллаһ Нұхқа нұсқау берген нәрселерді және саған (Мұхаммед) уахи еткенімізді, сондай-ақ Ибраһим, Мұса және Исаға нұсқау берген нәрселерімізді сендерге діни жол қылдық» *(Шура сүресі, 13 аят)*.

Үшінші: Аллаһ Тағала пайғамбарларға қатысты Құранда айтқандарға және олар туралы пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) берген хабарларға сену қажет.

Төртінші: Өзімізге жіберілген пайғамбардың шарифатымен жүруіміз керек. Ол пайғамбарлардың ең абзалы әрі мөрі – Мұхаммед (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын).

Пайғамбарлардың сипаттары

Пайғамбарлар кәдімгі адамдар. Олар да біз секілді ішіп-жеуге мұқтаж жаратылыс. Басқалары сияқты ауырады, дүние салады. Оларда ешқандай құдайлық сипат жоқ және құлшылыққа да лайық емес. Аллаһ Тағала оларды күнә істеуден сақтап қойған. Оларға басқаларға тән болмаған әлемдер Раббысы тарапынан уәхи келді. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

« Шынында мен де сендер сияқты адаммын. Маған құдайларын бірақ құдай екендігі уәхи етілуде...» - деп айт», - деген *(Кахф сүресі, 110 аят)*.

Олар Аллаһ Тағала жүктеген міндетті жеткізуде барша ауыртпалықтар мен қиындықтарға шыдап, үлкен сабырлық танытқан. Аллаһ Тағала: **«(Мұхаммед) пайғамбарлардан төзімділер**

сабыр еткендей сабыр қыл» - деп айтқан (Ахқаф сүресі, 35 аят). Пайғамбарлар тек ер адамдардан шықты. Аллаһ Тағала: **«Аллаһ Тағала сенен бұрын да өздеріне уәхи етіп, ер кісілерді ғана жіберген едік»**, - дейді (Әнбия сүресі, 7 аят). Олардың ешқайсысы ғайыпты білмеген. Пайғамбарлардың ең жақсысы Мұхаммед (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) туралы Аллаһ Тағала: **«(Мұхаммед): «Аллаһ қаламайынша, өзім үшін пайда, зиян күшіне ие емеспін. Егер ғайыпты білген болсам, әрине жақсылықты көбейтіп алар едім. Сондай-ақ маған бір сәтсіздік жұғыспас еді. Мен иман келтірген елді қорқытушы, қуандырушы ғанамын»**, - деп айт», - деген (Ағраф сүресі, 188 аят). Барлық үмбетке ескертуші пайғамбар келген. Аллаһ Тағала: **«Ескертушісі болмаған бірде-бір үмбет жоқ»**, - дейді (Фатыр сүресі, 24 аят).

Пайғамбарлардың басқа адамдардан ерекшелігі

1. Оларға Аллаһ Тағаланың адамзатқа деген жолдауын жеткізу міндеті жүктелді.
2. Аллаһ Тағала оларға бұл жолдауды Жәбраил періште арқылы жіберді немесе тікелей дәнекерсіз тілдесті. Сол сияқты олардың көрген түстері де уәхи болып табылған.
3. Аллаһ Тағала оларды күнә істерден сақтап қойған.
4. Аллаһ Тағала оларды мұғжиза – кереметтермен қуаттады.
5. Аллаһ Тағала олардың жалбарынып сұраған тілектерін қабыл етеді.
6. Олардың жандары өздерінің рұқсатымен алынған.
7. Олар жан тапсырған орындарына жерленген.

Пайғамбарларға берілген мұғжизалар

Мұғжиза – Аллаһ Тағала тек пайғамбарларына берген, басқа адамдардың қолдарынан келмейтін нәрселер. Адамдар барлық пайғамбарларды жалғаншылардан ажырату үшін олар өзіне тән мұғжизамен жіберілген. Мәселен: Самуд елінде жартас жарылып, одан түйе шыққан, Мұсаның (оған Аллаһтың сәлемі болсын) аса таяғы жыланға айналған, Иса (оған Аллаһтың сәлемі болсын) адамдарға

үйлерінде не жеп, нені сақтап қоятынын хабарлайтын, өлікті тірілтетін т.с.с. болған.

Мұғжизаның өзіндік шарттары бар. Ол табиғи заңдылықтарға бағынбайтын әдеттен тыс іс. Сондай-ақ пайғамбар мұғжизасының ұқсасын келтіруде басқаларды бәсекеге шақыра алуы және қарсы жақтың қойған талабына сай болуы қажет. Мысалы: пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Аллаһтың құдіретімен айды екіге бөлуі.

Пайғамбар жіберудегі даналық

1. Пайғамбарларды Аллаһ Тағала адамдарды дұрыс құлшылыққа лайықты құдайымен таныстырып, ешқандай серігі жоқ жалғыз Аллаһқа құлшылық етуге шақыру үшін жіберді.
2. Оларды адамзатты жәннатпен сүйіншілеп, тозақтан сақтандыру үшін жіберді.
3. Оларды адамдарға дұрыс құлшылық пен жақсы мінез-құлықта өнеге болу үшін жіберді.

Пайғамбарлардың міндеттері

Пайғамбарларда адамдарды дұрыс наным мен бүкіл әлемдердің Раббысына шынайы ғибадат етуге шақырумен қоса, қоғамдық, саяси және экономикалық міндеттері де болды. Мысалы Мұса (оған Аллаһтың сәлемі болсын) перғауынның жауыздығы мен оның Исраил ұрпақтарына көрсеткен зұлымдығымен күресті. Лут (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қоғамдық-әлеуметтік ауытқумен айналысты. Шуъайб (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қоғамдағы экономикалық ауытқу мәселелеріне араласты. Сондай-ақ барлық пайғамбарлар да дін және наным мәселесінен тыс қоғамдық өмір мәселелеріне кезікті. Бұлармен күресу де пайғамбарлардың міндеттеріне кірді.

Елші мен пайғамбардың айырмашылығы

Елшіге жаңа шарифат уәхи етіліп, соны халыққа жеткізу тапсырылған. Сондықтан пайғамбар – өзінен алдыңғы елшінің шарифатын жалғастырушы. Елші араб тілінде «расул», ал пайғамбарды «нәби» деп айтады. Елші мен пайғамбарға ортақ міндет Аллаһтың шарифатын халыққа жеткізу. Сонда әрбір елші пайғамбар, ал әрбір пайғамбар елші емес. Демек, елшінің дәрежесі пайғамбардың дәрежесінен артық болып табылады.

Пайғамбарлардың қиссалары жайлы

Аллаһ Тағала бізге Өзінің қасиетті кітабында пайғамбарлар туралы көп уақиғаларды баян еткен. Олардың біразы толықтай, ал кейбірі ықшамды түрде әңгімеленеді. Аллаһ Тағала Құранда пайғамбарлар қиссасын көп орында баяндауының себебін:

«(Мұхаммед) саған пайғамбарлардың хабарларын көңіліңді орнықтыру үшін баян етеміз. Осыдан саған ақиқат және мүміндер үшін бір насихат пен ғибрат келді», - деп түсіндірген (Һуд сүресі, 120 аят).

Бұл пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мен оған ілескен мүміндердің көңілін орнықтыруға яғни олар ойланып, ақыл жіберуіне және осы әңгімелерден ғибрат алуларына, адамдар арасында талас тудырып келе жатқан тарихи қателіктерін көрсетуге, соларды түзету үшін, адамдарға ақиқатты таныту мақсатына бағытталған. Сондай-ақ кейінгі буындағы мүміндерге насихат пен жәдігер ретінде айтылады. Аллаһ Тағала:

«Әрине пайғамбарлардың қиссаларында ақыл иелері үшін өнеге бар. (Құран) бір жасанды сөз емес. Бірақ өзінен алдыңғы (кітаптарды) растайды. Сондай-ақ, иман келтірген ел үшін әр нәрсені ашықтайтын тура жол және мейірім», - деді (Юсуф сүресі, 111 аят).

Аллаһ Тағала адам баласы жаратылғаннан бері өте көп пайғамбарларды жіберді. Елшілер мен пайғамбарлар үздіксіз бірінің артынан бірі келіп отырды. Тіпті, Исраил ұрпақтарында бір пайғамбар өлсе, артынан басқа біреуі келіп тұрған және олар пайғамбарлардан

арылмаған. Кейде бір мезгілде үш-төрт пайғамбарға дейін келген. Адамзат тура жолдан ауытқыған сайын Аллаһ Тағала оларды адасудан құтқарып, дұрыстыққа бағыттау үшін пайғамбарлар мен елшілер жіберді. Олар қауымдарын Аллаһқа шақыру жолында көп қиындықтар көрді, күш қайрат жұмсап, өз жолдауларын Аллаһтың әміріне сәйкес жеткізу үшін шыдамдылық танытты. Олардың болғаны ақиқат және олар адамзат үшін қажет болды. Өйткені, Аллаһ Тағала қиямет күні адамдар Өзіне:

«Біздің бұдан хабарымыз жоқ еді», (Ағраф сүресі, 172 аят), - деп айтпаулары үшін оларды ескертушісіз қалдырмаған.

Бұл қиссалар өзінің ақиқаттығымен ерекшеленеді, олар қиял туындысы емес. Бұл оқиғалар шынымен жер бетінде орын алған, адамзат әрқилы тарихи кезеңдерде оларды бастарынан өткерген. Сондай-ақ, бұл қиссалар өзінің маңыздылығымен, ғибраттылығымен, уақыт өткізуге арналған хикаялар еместігімен де ерекшеленеді. Қиссаларда біз тура жолмен жүріп, пайғамбарларға еруіміз үшін және алдыңғы пайғамбарлардың үмбеттері жіберген қателіктерді қайталамауымыз үшін терең мағыналар мен өнеге-ғибраттар қамтылған.

Егер біз ондағы оқиғаларға ой жүгіртсек, пайғамбарлар төңірегінде де сөз қозғайтын қиссалардың адамзат тарихында белқазық екенін түсінеміз. Рас, адамзат тарихында және оның сілемін өзгертуде талай патшалар мен қолбасшылар үлкен маңыз атқарған. Бірақ, адамзат тарихы іргетасының қалауында елшілер мен пайғамбарлардың әсері және олардың қалдырған іздері әлдеқайда орасан зор. Пайғамбарлар тарихынан хабарсыз болсаң, онда тарихты түсіне алмайсың. Осы күнге дейін бұл әлемде жалғасып келе жатқан нәрсе, ол – жалған мен ақиқат арасындағы күрес, пайғамбарлардың ізбасарлары мен олардың дұшпандары арасындағы күрес. Сондай-ақ, пайғамбарлар қиссасын білмесең, Құранды да ұға алмайсың. Өйткені, Құранда пайғамбарлар туралы әңгімелейтін қаншама аяттар бар. Егер оқиғаның барысын білмесең, мағынасын ұғуда көптеген қателіктер жіберуің мүмкін. Құранда Адам (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қанша рет айтылады?! Нұх пайғамбар (оған Аллаһтың сәлемі болсын) ше?! Ал Исраил ұрпақтары және перғауынға қатысты Мұсаның (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қиссаларына неше рет тоқталған?!.. Мұсаның (оған Аллаһтың

сәлемі болсын) қиссасы Құранда жетпістен астам жерде әңгіме етілген, ал олардың әрқайсысы бірнеше аяттарды қамтыған. Сондай-ақ, қанша сүре пайғамбарлардың атымен аталған?!.. Міне, осылай пайғамбарлар қиссасын білмеген кісі Құранның басым бөлігінің мағынасынан тыс қалып қояды. Ғұламалар пайғамбарлар қиссасын Құранның үштен бірі дейді.

Сонымен қатар, біз бұл қиссаларды Аллаһқа шақыру жолындағы дағуат әдісін үйрену мақсатында ұсынамыз. Біз дұрыстыққа шақырып, теріс істерден қайтаратын Аллаһқа шақырушылар қатарында болуды қалаймыз. Бұл жолда бізге ұстанатын бір үлгі, өнеге қажет. Әрине, ең үлкен өнеге, ол – пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) болып табылады. Аллаһ Тағала:

«Расында сендер үшін Аллаһ елшісінде көркем өнеге бар», - деген (Ахзаб сүресі, 21 аят).

Ал, пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) кейін өнеге болатын адамдар, яғни – өзге де елшілер мен пайғамбарлар, оларға сәлем болғай. Әрине, біз үшін үлкен сахабалар мен ізгі адамдар да үлгі өнеге болып табылады. Бірақ, олар пайғамбарлар мен елшілерден кейін тұрады. Сахабалардың дәрежесі қаншама биік болса да, олардың мәртебесі пайғамбарларға жетпейді.

Сонымен:

Пайғамбарлардың қиссасы біздерге Құран мен пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) хадистер жинағы және көне тарихи кітаптар арқылы жетті.